

- қосымша

Қазақстан Республикасы  
Оқу - ағарту министрлігінің  
2022 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 399 бұйрығына  
31-қосымша

**Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Еңбек»  
оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы**

**Түсінік хат**

Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Жеке тұлғалық қасиеттерді дамытуды пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттермен органикалық бірлікте қалыптастыру білім алушыларға білім беру жүйесінің негізгі құндылықтарын сіңіруге негіз болады: «тәуелсіздік және патриотизм», «бірлік және ынтымақ», «әділдік және жауапкершілік», «заң мен тәртіп», «еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «жасампаздық және жаңашылдық».

«Еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бастауыш білім беру бағдарламасы білім алушының тұлғалық өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады.

«Еңбек» оқу пәнін оқытудың мақсаты: көркемдік-технологиялық білімнің, кеңістіктік-образдық, шығармашылық ойлаудың негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның қалыптасуының негізі ретінде рухани-адамгершілік мәдениетті дамыту.

«Еңбек» оқу пәнін оқытудың міндеттері:

1) әртүрлі ақпарат түрлерін іздеу, жинау, сұрыптау, бағалау қабілетін дамытуға ықпал ететін танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;

2) жеке, топтық және ұжымдық жұмыстарды орындау процесінде білім алушының қиялы мен шығармашылығын, қолдың моторикасын, сенсорикасын, елестетуін және қабылдауын дамыту;

3) әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы кеңістіктік-образдық ойлау дағдыларын қалыптастыру;

4) позитивті дүниетанымды қалыптастыру, білім алушылардың өзін-өзі бағалауын арттыру;

5) ұлттық және әлемдік мәдениет туындыларымен танысу, сенімді ақпарат көздерімен жұмыс істеу және жобалық жұмыстар жүргізу арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;

6) білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ болып табылатын базалық құндылықтарды білім алушылардың бойына практикалық әрекеттер арқылы сіңіру, жасанды интеллект және ақпараттық-коммуникативтік құралдарды орынды қолдану арқылы креативті ойлау дағдыларын қалыптастыру;

7) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау.

### **1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру**

1. «Еңбек» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 1-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағат;

2) 2-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

3) 3-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

4) 4-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

2. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері:

Іс - әрекетке негізделген тәсіл. Қоғам дамуының осы кезеңіндегі жалпы білім беретін мектептің маңызды міндеттерінің бірі-білім алушыларға өз бетінше ақпарат алуға, шығармашылық және зерттеу қызметіне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін дағдыларды қалыптастыру. Осыған байланысты оқытудың белсенді әдістерін қолдану өзекті болып табылады. Белсенділік әдісі білімді терең және берік игеруді, сондай-ақ оларды практикада қолдануды қамтамасыз етеді;

Тұлғаға бағдарланған тәсіл. Тұлғаға бағдарланған тәсілдеме жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту кезінде оның жеке ерекшеліктерін (жас, физикалық, психологиялық және интеллектуалдық ерекшеліктерін) ескере отырып, білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруды және әрбір баланы қайталанбас жеке тұлға ретінде қабылдауды білдіреді;

Сараланған тәсіл. Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сай оқыту, сондай-ақ оқытуды білім алушылардың әртүрлі топтарының ерекшеліктеріне бейімдеу жүзеге асырылады.

Сараланған оқыту барысында білім алушылардың дайындық деңгейіне және ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес дамуын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әртүрлі әдістер, оқыту нысандары және арнайы дидактикалық материалдар қолданылады;

Коммуникативті тәсіл. Коммуникативті тәсілдің нәтижесі – білім алушылардың бір-бірімен өзара әрекеттесіп, пікір алмасуы, өз ойларын анық жеткізе білуі және тиімді қарым-қатынас жасау қабілетінің қалыптасуы;

Көркемдік-технологиялық тәсіл. Бұл білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті, материалдармен, құралдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, жобалау мен модельдеуге және шығармашылық объектілерді дайындаудың технологиялық реттілігін таңдауға бағытталады.

3. «Еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

4. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімдеуді көздейді.

## **2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны**

5. «Еңбек» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

6. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

7. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі материалдарды оқып-үйренуді қарастырады:

- табиғи материалмен жұмыс;
- қағаз және қатырма қағазбен жұмыс;
- техникалық үлгілеу және құрастыру;
- өзіне-өзі қызмет ету.

8. Қауіпсіздік техникасының ережелері:

Қолдану ережелері оқытылмаған құралдарды пайдаланбау; құралдарды тек олардың тікелей мақсатына сай қолдану; ақауы бар немесе өтпейтін құралдармен жұмыс істемеу; құралдар мен жабдықтарды арнайы белгіленген жерде сақтау; жұмыс орнын әрдайым таза және тәртіпте ұстау; құралдар мен жабдықтарды мұғалім белгілеген тәртіппен реттеп қою; жұмыс барысында сөйлеспеу және бөтен істерге алаңдамау.

9. «Еңбек» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту» бөлімі қоршаған ортаны бақылау дағдыларын қалыптастыруға; қазақ халқы мен әлем халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін, өнер туындыларын зерделеуге, зерттеу дағдыларына үйретуге, әртүрлі материалдардың қасиеттерін (түсі, пішіні, өлшемі, құрылымы) зерделеу арқылы шығармашылық қабілеттерін, қиялын дамытуға; техникалық модельдеу және құрастыру арқылы шығармашылық идеяларды дамыту.

Өзіне-өзі қызмет көрсету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану, жеке заттарға, тұрмыстық заттарға және қоршаған ортаға ұқыпты қарау; өзара көмек көрсету;

2) «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау» бөлімі: әртүрлі материалдармен (қағаз, табиғи және көркемдік материалдар, ермексаз, дайын үлгілер) эксперимент жүргізу, әртүрлі жұмыс техникаларын меңгеру, өзінің іс-әрекетін жоспарлау; өлшеу құралдарымен жұмыс, қарапайым тәсілдер арқылы материалдар мен компоненттерді біріктіру, техникалық үлгілеу және құрастыру, көлемді пішіндер жасау, ұлттық мәдениет элементтері бар шығармашылық жұмыстарды дайын үлгі арқылы орындау; қауіпсіздік техникасын, гигиеналық талаптарды сақтау; өзінің жұмыс орнын ретке келтіруді қарастырып, өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну, өз құқықтары мен міндеттерін білу, этикалық нормаларды, сыныптағы және мектептегі тәртіп ережелерін сақтау;

3) «Талдау және бағалау» (презентация) бөлімі: презентация арқылы коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамыту, өз жұмысын түсіндіру, басқалардың жұмысына кері байланыс беру арқылы бағалау.

Тарихи - мәдени мұраға қығығушылық таныту қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

10. «Еңбек» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Шығармашылық идеяларды зерделеу және дамыту» бөлімі: қоршаған әлемді зерделеуге, түсінуге және сипаттауға, қазақ халқы мен әлем халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерін, өнер туындыларын білуге және түсінуге, қолданбалы өнерді зерделеуге, шығармашылық идеяларды іске асырудың техникалық құралдарын ажырата білуге, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, жұмыс орнын ұйымдастыруға бағытталады.

Өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау, адамдар арасындағы айырмашылықтарды құрметтеу, басқаларға қолдау көрсету, өз жобаларын іске асыру үшін өз бетінше әрекет ете білуді қалыптастыру;

2) «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау» бөлімі: шығармашылық жұмыс үшін әртүрлі материалдармен (көркем, табиғи және жасанды) тәжірибе жасау; қажетті техникалық дағдыларды игеру, жұмыс процесін жоспарлау, шығармашылық жұмысты дайындау технологиясы, өлшеу құралдарымен жұмыс істеу, материалдар мен компоненттерді қарапайым тәсілдермен біріктіру, көлемді нысандарды жасау, ұлттық мәдениет элементтерін пайдалана отырып шығармашылық жұмыстарды орындау, өз жұмыс орнын ретке келтіру, гигиеналық талаптарды, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Жоспарлау, нәтижелерді ұйымдастыру және талдау дағдылары негізінде мақсаттар қою және оларға қол жеткізуге ұмтылу, қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау, дәстүрлерді құрметтеу;

3) «Презентация, талдау және бағалау» бөлімі: шығармашылық жұмыстардың презентациясы, әртүрлі өнер туындыларын талдау, шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалау; презентация арқылы коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамыту, соның аясында өзінің және басқалардың жұмысын бағалау, презентациялау және түсіндіруді қарастыру.

Өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

11. «Еңбек» оқу пәні 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Шығармашылық идеяларды зерделеу және дамыту» бөлімі: қоршаған ортадан өздігінен материалдарды жинау және сұрыптау, сәндік-қолданбалы өнер элементтерін және табиғи формаларды интерпретациялау, өнердің негізгі түрлері мен жанрлары, мәдениет пен дәстүр, қоршаған ортаны қорғау туралы білу және түсіну, отандық әртүрлі өнер туындыларын зерделеу, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер элементтерін, тұрмыстық қалдықтарды қолдану арқылы шығармашылық идеяларды дамыту және жүзеге асыру, әртүрлі ақпарат көздерінен деректер іздеу, жұмыс барысын жоспарлау, өзінің жұмыс орнын ұйымдастыруды қарастыра отырып, өз білім дағдыларын дамыту үшін жалықпай жұмыс жасау, әр мамандықтың ерекшеліктерін басқа адамдардың еңбегін білу және құрметтеу, жаңа идеялар ойлап табу, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдану, командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жету;

2) «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау» бөлімі: шығармашылық жұмысқа арналған табиғи, жасанды, дәстүрлі емес, материалдарды жинау, сұрыптау, эксперимент жүргізу, қажетті жұмыс техникаларын жетілдіру, өзінің іс-әрекетін жоспарлау, дайындау технологиясы, өлшеу құралдарымен жұмыс, қарапайым және күрделенген тәсілдер арқылы материалдар мен компоненттерді біріктіру, көлемді пішіндер жасау, құрастыру, орындау техникасының қарапайым түрлерімен танысу, ұлттық мәдениеттің элементтері бар шығармашылық жұмыстар жасау, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауды қарастыра отырып, тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту және қоршаған ортаға қамқорлық жасауға, инновациялық идеяларды іске асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру, проблеманың алдын алу және оны шешуде тиісті шаралар қабылдау үшін мұғалімдерге немесе ата-аналарға көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

3) «Презентация, талдау және бағалау» бөлімі: презентация, шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы, әдіс-тәсілдерді талдау, әртүрлі өнер туындыларын сипаттау, презентация арқылы коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамыту, өз ойын еркін жеткізу, шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалауды қарастыру.

12. «Еңбек» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Шығармашылық идеяларды зерделеу және дамыту» бөлімі: қоршаған ортадан өздігінен материалдарды жинау, сұрыптау, қолдану, сәндік-қолданбалы өрнектер және табиғи формаларды күрделендіру, интерпретациялау, өнер, мәдениет пен дәстүр, қоршаған ортаны қорғау туралы білімін жетілдіру, әлемдік және отандық әртүрлі өнер туындыларын зерделеу, баға беру, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер элементтері, тұрмыстық бұйымдарды қолдану арқылы шығармашылық идеяларды дамыту және жүзеге асыру, әртүрлі ақпарат көздерінен деректер іздеу және өңдеу, жетілдіруді қарастырып, мұқият болу және басқаларға көмек көрсету, шындықты айту, сұрақтар қоя білу, өз міндеттерін жауапкершілікпен орындауды үйрену, интернет желісінен пайдалы ақпарат жинау және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау;

2) «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау» бөлімі: шығармашылық жұмысқа арналған табиғи, жасанды, дәстүрлі емес материалдарды жинау, құрастыру, эксперимент жүргізу, меңгерілген жұмыс техникаларын жетілдіру, жоспарланған іс-әрекетті өз бетімен орындау, дайындау технологиясы, өлшеу құралдарымен жұмыс, қарапайым және күрделенген тәсілдер арқылы материалдар мен компоненттерді біріктіру, көлемді пішіндер жасау, құрастыру, ұлттық және әлемдік мәдениеттің элементтері бар шығармашылық жұмыстар жасау, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауды қарастырып, отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды тәртіппен, сапалы және жүйелі түрде орындау, кемсітушілік пен қудалаудың кез келген түрінен аулақ бола отырып, мұғалімдерінің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу;

3) «Презентация, талдау және бағалау» бөлімі: презентация, шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы, орындалған жұмыстың тәсілдерін талдау, әртүрлі өнер туындыларын сипаттау, шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалау, басқа жұмыстармен салыстыру, пікір айту, ұсыныс беруді қарастырып, бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш-жігерді ынталандыру.

13. Бағдарлама мазмұны әртүрлі көркемдік-шығармашылық әрекетті қарастырады. Сабақ барысында іске асырылатын шығармашылық әрекеттің түрлерін мұғалім өзі анықтайды. Бұл ретте көркемдік-шығармашылық қызметтің үш негізгі түрі міндетті түрде іске асырылады: шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту; шығармашылық жұмыстарды құру және дайындау; презентация, талдау және бағалау.

### **3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары**

14. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

15. Бастауыш білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, өзін-өзі ұйымдастыру және шығармашылық түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағдарланады.

16. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) шығармашылық идеяларды зерделеу және дамыту:

| Білім алушылар міндетті:                                     |                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Бөлімшелер                                                   | 1-сынып                                                                                      | 2-сынып                                                                                                                                                                                                               | 3-сынып                                                                                                                               | 4-сынып                                                                                                                                                                                                                                    |
| 1.1<br>Материалдың атауы, түрі мен қасиетін білу және түсіну | 1.1.1.1 материалдың атауын білу;<br>1.1.1.2 материал қасиеттерін (түсі, пішіні, көлемі) білу | 2.1.1.1 материал түрлерінің атауларын ажырату және олардың қасиеттері мен қолданылуы туралы зерделеу;<br>2.1.1.2 материал қасиеттерінің сипаттамасын (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі, түсі, пішіні, көлемі) анықтау | 3.1.1.1 материал түрлерінің қолдану аясын анықтау;<br>3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттап айтып беру | 4.1.1.1 материал түрлерін жіктей білу;<br>4.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін ажырата білу;<br>4.1.1.3 материал қасиеттерінің сипаттамасына (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі, түсі, пішіні, көлемі) мысал келтіру |
| 1.2<br>Материалдың қолданылу саласын білу және түсіну        | 1.1.2.1 бұйымдарды жасауда материалдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру         | 2.1.2.1 материалдар мен құралдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру;<br>2.1.2.2 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай                                                                                | 3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдардың қолдану салаларында өнердің негізгі түрлері мен жанрларын білу;          | 4.1.2.1 негізгі өнер түрлері мен жанрларын көрсету арқылы практикалық қызметте және күнделікті өмірде түрлі материалдарды саналы түрде таңдап қолдану;                                                                                     |

|                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|---------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | ажырату,<br>қолданылу<br>саласын<br>анықтау                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | 3.1.2.2<br>дәстүрлі және<br>дәстүрлі емес<br>қарапайым<br>материалдард<br>ы қолдану<br>саласын<br>ажырату;<br>3.1.2.3 түрлі<br>материал<br>қасиеттерінің<br>сипатына<br>қарай<br>қолданылу<br>саласын<br>ажырату                                                                                                                                                | 4.1.2.2 дәстүрлі<br>және дәстүрлі<br>емес<br>материалдарды<br>ң қолданылу<br>саласын<br>анықтау;<br>4.1.2.3 түрлі<br>материал<br>қасиеттерінің<br>сипатына қарай<br>қолданылу<br>саласын жіктеп<br>көрсету                                                                                                                                                                      |
| 1.3<br>Шығармашыл<br>ық идеяларды<br>дамыту | 1.1.3.1<br>шығармашыл<br>ық идеяларды<br>жоспарлау<br>және әзірлеу<br>барысында<br>әртүрлі<br>материалдарм<br>ен және<br>құралдармен<br>жұмыс істеу<br>тәсілдерін<br>зерттеу;<br>1.1.3.2 қазақ<br>халқы мен<br>әлем<br>халықтарыны<br>ң өнер<br>туындылары,<br>дәстүрлері<br>мен<br>мәдениетін<br>шығармашыл<br>ық идеяларды<br>жоспарлау<br>мен әзірлеу<br>барысында<br>зерделеу | 2.1.3.1<br>шығармашыл<br>ық идеяларды<br>дамыту үшін<br>ақпарат<br>жинау және<br>жұмыстың<br>эскизін<br>жасау;<br>2.1.3.2<br>шығармашыл<br>ық идеяларды<br>дамытуда<br>сәндік-<br>қолданбалы<br>өнердің<br>қарапайым<br>элементтерін<br>қолдану;<br>2.1.3.3<br>шығармашыл<br>ық идеяларды<br>жоспарлау<br>мен әзірлеу<br>барысында<br>қазақ халқы<br>мен әлем<br>халықтарыны | 3.1.3.1<br>шығармашыл<br>ық идеяларды<br>салыстыру,<br>жұмыс<br>эскизін<br>анықтауда<br>қорытынды<br>жасау;<br>3.1.3.2<br>шығармашыл<br>ық идеяларды<br>дамытуда<br>сәндік-<br>қолданбалы<br>өнердің<br>элементтерін<br>қолдану<br>жолдарын<br>ұсыну;<br>3.1.3.3 әртүрлі<br>дереккөздерд<br>ен алынған<br>ақпаратты<br>(АКТ<br>қолдану)<br>пайдалана<br>отырып, | 4.1.3.1<br>бұйымдардың<br>дизайнын<br>дайындау<br>бойынша<br>идеяларды<br>ұсыну;<br>4.1.3.2<br>шығармашылы<br>қ идеяларды<br>дамытуда<br>сәндік-<br>қолданбалы<br>өнердің<br>элементтерін<br>қолдану<br>жолдарын<br>ойластыру;<br>4.1.3.3 әртүрлі<br>дереккөздерден<br>(соның ішінде<br>АКТ қолдану<br>арқылы)<br>алынған<br>сенімді<br>ақпаратты табу,<br>оны<br>интерпретация |

|               |                                                             |                                                                                       |                                                                                  |                                                                                                              |
|---------------|-------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|               |                                                             | ң өнер туындылары, мәдениеті мен дәстүрлерін түсіну                                   | шығармашылық идеяларды дамыту                                                    | лау және шығармашылық идеяларды жүзеге асыруда пайдалану                                                     |
| 1.4 Жоспарлау | 1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материал түрлерін таңдау | 2.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажетті материалдарды және орындаудың реттілігін анықтау | 3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау | 4.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау;<br>4.1.4.2 жұмыстың тиімді жолдарын жоспарлап ұсыну |

2) шығармашылық жұмысты жасау және дайындау:

| Бөлімшелер                                                    | 1-сынып                                                                                                              | 2-сынып                                                                                                                                                                                 | 3-сынып                                                                                                                                                                                                                            | 4-сынып                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|---------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2.1 Материалдар және шығармашылық жұмысты орындау техникалары | 1.2.1.1 түрлі материалдан жасалған бұйымның ерекшелігін түсіну (көркемдік, табиғи және жасанды) жасалу жолын анықтау | 2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау;<br>2.2.1.2 сәндік-қолданбалы өнер элементтері бар бұйымдарды орындау тәсілдерін таңдау | 3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау;<br>3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарын жасалу техникаларын іріктеу;<br>3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау | 4.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, қалдық материалдарды модельдеу, эксперимент жүргізу;<br>4.2.1.2 шикізат материалдарын пайдаланып шығармашылық жұмыстарды орындауда әртүрлі әдіс-тәсілдерді ұсыну;<br>4.2.1.3 ұсынылған материалдардан шығармашылық жұмысты орындау |

|                             |                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                             |                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                     | техникасын жетілдіру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | қ жұмысты орындаудың тиімді тәсілдерін меңгеру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 2.2 Дайындау технологиялары | 1.2.2.1 материалдардың қасиеттерін зерттеу және оларды жұмысқа дайындау;<br>1.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде ұлттық мәдениеттің элементтерін атау;<br>1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау | 2.2.2.1 үлгіні пайдаланып бұйымның бөлшектерін біріктіру;<br>2.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау барысында ұлттық элементтердің түрлерін ажырату;<br>2.2.2.3 қарапайым тәсілдер мен материалдарды пайдаланып бөлшектерді модельдеу және құрастыру | 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру);<br>3.2.2.2 шығармашылық жұмыс жасау барысында ұлттық элементтерді қолдану;<br>3.2.2.3 қарапайым әдістерді қолдану арқылы шығармашылық жұмыс көрінісін жақсарту және аяқтау | 4.2.2.1 нұсқаулыққа сәйкес көлемді фигураларды жасау (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру);<br>4.2.2.2 бұйымдарды құрастыру кезінде күрделенген ұлттық элементтерді қолдану;<br>4.2.2.3 қалдық материалдардан бұйымдар құрастырып, өз идеясын ұсыну;<br>4.2.2.4 шығармашылық жұмысты аяқтау, дәстүрлі емес материалдармен безендіру;<br>4.2.2.5 әр түрлі технологиялардың көмегімен заманауи өнімдерді жасау |
| 2.3 Қауіпсіздік             | 1.2.3.1 материалдар және                                                                                                                                                                                                       | 2.2.3.1 материалдар және                                                                                                                                                                                                                            | 3.2.3.1 материалдар және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 4.2.3.1 материалдар және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |

|                   |                                                                                                                                         |                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                     |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| техникасын сақтау | құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу;<br>1.2.3.2 өзінің жұмыс орнында гигиеналық талаптарды білу және сақтау | құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын қолдану;<br>2.2.3.2 өзінің жұмыс орнында гигиеналық талаптарды тізбектеу және сақтау | құралдармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасын сақтау;<br>3.2.3.2 өзінің жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау;<br>3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау | құралдармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасын сақтау;<br>4.2.3.2 өзінің жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау;<br>4.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

3) презентация, талдау және бағалау:

| Бөлімшелер                                         | 1-сынып                                          | 2-сынып                                                | 3-сынып                                                                                                                                    | 4-сынып                                                                                   |
|----------------------------------------------------|--------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3.1<br>Презентация                                 | 1.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру (көрме)         | 2.3.1.1 өз жұмысының идеясын түсіндіріп, ұсыну (көрме) | 3.3.1.1 өнер түрлері, стильдері мен жанрлары (мүсін, сәулет және басқа) туралы білімдерін шығармашылық идеялары мен жұмыс процесінде ұсыну | 4.3.1.1 өз жұмысының идеясы мен процесін шығармашылықпен ұсыну (соның ішінде АКТ қолдану) |
| 3.2<br>Шығармашылық жұмыстарды талдау және бағалау | 1.3.2.1 орындалған жұмысты талқылау және бағалау | 2.3.2.1 орындалған жұмысты талқылау және бағалау, оны  | 3.3.2.1 орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа                                                                     | 4.3.2.1 орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру   |

|  |  |                            |                                                             |                                                                         |
|--|--|----------------------------|-------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|
|  |  | жақсарту бойынша ұсыныстар | түсініктеме беру және оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу | және оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу, өзінің ұсыныстарын негіздеу |
|--|--|----------------------------|-------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|

Оқу мақсаттары кодпен белгіленеді. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 2.2.1.1 кодында: «2» сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «1» оқу мақсатының реттік саны.

17. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

18. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 1-сынып:

| Ортақ тақырыптар                   | Бөлімдер                                    | Бөлімшелер                                                | Оқу мақсаттары                                                                               |
|------------------------------------|---------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1-тоқсан                           |                                             |                                                           |                                                                                              |
| 1 Өзім туралы<br>2. Менің мектебім | Шығармашылық идеяларды зерделеу және дамыту | 1.1 Материалдың атауы, түрі мен қасиетін білу және түсіну | 1.1.1.1 материалдың атауын білу;<br>1.1.1.2 материал қасиеттерін (түсі, пішіні, көлемі) білу |
|                                    |                                             | 1.2 Материалдың қолданылу саласын білу және түсіну        | 1.1.2.1 бұйымдарды жасауда материалдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру         |
|                                    |                                             | 1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту                         | 1.1.3.1 шығармашылық идеяларды жоспарлау және әзірлеу барысында әртүрлі материалдармен       |

|          |                                          |                                                               |                                                                                                                                                                                                                                |
|----------|------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|          | Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау |                                                               | және құралдармен жұмыс істеу тәсілдерін зерттеу                                                                                                                                                                                |
|          |                                          | 1.4 Жоспарлау                                                 | 1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материал түрлерін таңдау                                                                                                                                                                    |
|          |                                          | 2.1 Материалдар және шығармашылық жұмысты орындау техникалары | 1.2.1.1 түрлі материалдан жасалған бұйымның ерекшелігін түсіну (көркемдік, табиғи және жасанды) жасалу жолын анықтау                                                                                                           |
|          |                                          | 2.2 Дайындау технологиялары                                   | 1.2.2.1 материалдардың қасиеттерін зерттеу және оларды жұмысқа дайындау;<br>1.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде ұлттық мәдениеттің элементтерін атау;<br>1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау |
|          |                                          | 2.3 Қауіпсіздік техникасын сақтау                             | 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу;<br>1.2.3.2 өзінің жұмыс орнында гигиеналық талаптарды білу және сақтау                                                               |
|          | Презентация, талдау және бағалау         | 3.1 Презентация                                               | 1.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру (көрме)                                                                                                                                                                                       |
|          |                                          | 3.2 Шығармашылық жұмыстарды талдау және бағалау               | 1.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау                                                                                                                                                            |
| 2-тоқсан |                                          |                                                               |                                                                                                                                                                                                                                |
|          | Шығармашылық идеяларды                   | 1.1Материалдың атауы, түрі мен                                | 1.1.1.1 материалдың атауын білу;                                                                                                                                                                                               |

|                                                                     |                                                 |                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                         |
|---------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>3. Менің отбасым және достарым</p> <p>4. Бізді қоршаған әлем</p> | <p>зерделеу және дамыту</p>                     | <p>қасиетін білу және түсіну</p>                                     | <p>1.1.1.2 материал қасиеттерін (түсі, пішіні, көлемі) білу</p>                                                                                                                                                                         |
|                                                                     |                                                 | <p>1.2 Материалдың қолданылу саласын білу және түсіну</p>            | <p>1.1.2.1 бұйымдарды жасауда материалдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру</p>                                                                                                                                             |
|                                                                     |                                                 | <p>1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту</p>                             | <p>1.1.3.1 шығармашылық идеяларды жоспарлау және әзірлеу барысында әртүрлі материалдармен және құралдармен жұмыс істеу тәсілдерін зерттеу</p>                                                                                           |
|                                                                     |                                                 | <p>1.4 Жоспарлау</p>                                                 | <p>1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материал түрлерін таңдау</p>                                                                                                                                                                      |
|                                                                     | <p>Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау</p> | <p>2.1 Материалдар және шығармашылық жұмысты орындау техникалары</p> | <p>1.2.1.1 түрлі материалдан жасалған бұйымның ерекшелігін түсіну (көркемдік, табиғи және жасанды) жасалу жолын анықтау</p>                                                                                                             |
